

**Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 29 шілдеде № 11779 тіркелді.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-7) және 23-12) тармақшаларына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 18.02.2026 № 46 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілетін қауіпті жүктердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә.А. Асавбаев):

1) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Инвестициялар және даму  
министрінің міндетін атқарушы

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Е. Досаев

2015 жылғы 26 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрі

\_\_\_\_\_ Қ. Қасымов

2015 жылғы 27 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2015 жылғы 17 сәуірдегі  
№ 460 бұйрығына  
1-қосымша

## **Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидалары**

**Ескерту. Қағида жана редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 30.04.2020 № 259 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 23-7) тармақшасы, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау, 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат, көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлікті беру тәртібін анықтайды, сондай-ақ "1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру" және "Көлік құралына халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тәртібін анықтайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 18.02.2026 № 46 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қағидалардың қолданысы Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүктерді тасымалдаумен байланысты жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

Қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен халықаралық тасымалдау Қауіпті жүктерді халықаралық жолдарда тасымалдау туралы Еуропалық келісімнің (ҚЖХЖТ), Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының талаптарын сақтаумен жүзеге асырылады.

3. Тасымалдау, тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу және сақтау кезінде оларға тән қасиеттерге қарай техникалық құралдардың, құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың жарылуына, өртенуіне немесе бүлінуіне, сондай-ақ адамдардың, жануарлардың өлім-жітіміне, жарақат алуына және ауруына себеп болуы, қоршаған табиғи ортаға зиян келтіруі мүмкін кез келген заттар, материалдар, бұйымдар, өндірістік және өзге де қызмет қалдықтары қауіпті жүктер деп танылады.

4. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) автомобиль көлігі құралы (бұдан әрі - автокөлік құралы) - автобустарды, шағын автобустарды, жеңіл және жүк автомобильдерін, троллейбустарды, автомобиль тіркемелерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ арнайы бейімделген автомобильдерді (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және арнаулы автомобильдерді (эртүрлі, көбінесе көлікке арналмаған жұмыстарды орындауға арналған) қамтитын, автомобиль көлігі жылжымалы құрамының бірлігі;

2) автомобильмен тасымалдаушы (бұдан әрі - тасымалдаушы) - меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдарына иелік етуші, жолаушыларды, багажды, жүктерді немесе поштаны тасымалдауда ақыға немесе жалға қызметтер көрсететін заңды немесе жеке тұлға;

3) БҰҰ нөмірі - заттың немесе бұйымның төрт сандық сәйкестендіру нөмірі;

4) жүк алушы - жүкті автомобильмен тасымалдау шарты негізінде немесе өзге де заңды негіздерде жүк алуға уәкілетті жеке немесе заңды тұлға;

5) жүк жөнелтуші - оның атынан жүк жөнелту ресімделетін жеке немесе заңды тұлға;

6) 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат - 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға құқық беретін уәкілетті орган берген электрондық рұқсат беру құжаты.

5. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде "Қауіпті жүктер. Сыныптау" 19433.1-2010 - МемСТ, "Қауіпті жүктер. Сынау әдістері" 19433.2-2010 - МемСТ және "Қауіпті жүктер. Таңбалау" 19433.3-2010 - МемСТ, және Қауіпті жүктерді халықаралық жолдарда тасымалдау туралы Еуропалық келісімнің (ҚЖХЖТ) қолданыстағы стандарттарына, сондай-ақ автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстан

Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілген қауіпті жүктердің тізбесіне сәйкес қауіпті жүктердің сыныптамасы қолданылады.

## **2-тарау. Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі**

6. Қауіпті жүктерді Қазақстан Республикасының аумағы бойынша тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарының жүргізушілері және қауіпті жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатын автокөлік құралдары осы Қағидалардың 3 және 4-тарауында жазылған белгілі бір талаптарға сәйкес келуге міндетті.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 15.10.2020 № 530 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Қазақстан Республикасының аумағы бойынша 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсат негізінде, арнайы бейімделген автомобильмен немесе осы мақсаттар үшін арнайы қайта жабдықталған басқа да автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

8. Жүк жөнелтуші (жүк алушы) мен тасымалдаушы арасында "Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген) (бұдан әрі - Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидалары) қауіпті жүк тасымалын жүзеге асыруға арналған шарт жасалады.

Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған шарт өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, сондай-ақ мынадай:

- 1) автокөлік құралдарын арнайы өңдеу жөніндегі іс-шаралар туралы;
- 2) ілесіп жүруді ұйымдастыру (қажет болған жағдайда) туралы;
- 3) жүргізушілерді жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету тәртібі туралы;

4) қауіп және қауіпті жүкті бейтараптандыру туралы ақпарат жүйесінің элементтерімен қамтамасыз ету тәртібі туралы;

5) 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде - жүк жөнелтушіні (жүк алушыны) және тасымалдаушыны жүктің нақты атауы мен мөлшерін, сондай-ақ осы жүкті жөнелту уақыты (болжамды жеткізу мерзімі) және алғаны туралы өзара хабарландыру тәртібі туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

9. Жүк қабылдаушы жүктер алынбаған немесе оның жеткіліксіздігі анықталған, атауы сәйкес келмеген жағдайда жүк жөнелтушіні жедел ден қою шараларын қабылдау үшін қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат берген уәкілетті органды күнтізбелік үш күн ішінде хабардар етеді.

10. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.01.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тауар-көлік жүкқұжатының толтыруға арналған мәліметтер, оны жасау және қолдану тәртібі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларында айқындалады (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген).

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 09.03.2022 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Жүк жөнелтуші тасымалдаушыға қауіпті жүктерді тасымалдауға жасалған шартпен бірге мыналарды:

- 1) әрбір автокөлік құралына арналған "Қауіпті жүк" айырым белгісі;
- 2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қауіпті жүктің әрбір түріне жүргізушіге арналған нұсқаулықты ұсынады.

13. 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға жол берілген қауіпті жүктердің тізбесі Заңға сәйкес тасымалдаушы қауіпті жүкті тасымалдау маршрутын әзірлейді.

Тасымалдау маршрутын әзірлеген кезде тасымалдаушы мынадай негізгі талаптарды басшылыққа алады:

- 1) маршрут маңында ірі өнеркәсіп объектілері болмауы тиіс;
- 2) маршрут ірі елді мекендер арқылы өтпеуі тиіс. Қауіпті жүктерді ірі елді мекендердің ішімен тасымалдау қажет болған жағдайда маршрут ойын-сауық, мәдени-ағарту, оқу, мектепке дейінгі және емдеу мекемелерінің қасынан өтпеуі тиіс;
- 3) тасымалдау маршрутында көлік құралдарының тұрақ орындары көзделуі тиіс.

14. Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 16 тамыздағы № 770 шешімімен бекітілген Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің пиротехникалық бұйымдары бар қауіпті жүктердің сыныптамасына сәйкес 1.4-ішкі сыныбы бар пиротехникалық бұйымдарды тасымалдау кезінде тасымалдауға рұқсатты ресімдеу талап етілмейді.

15. Көру мүмкіндігі 300 метрге дейін шектелген кезде (тұман, жаңбыр, қар жауу) 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдауға жол берілмейді, бұл туралы арнайы рұқсат қолданылуының ерекше жағдайларында көрсетіледі.

### **3-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптар**

16. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдары мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының конструкциясына, жабдығына және техникалық жай-күйіне қойылатын жасап шығарушы зауыттың құрылымдық-техникалық сипаттамаларына және Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарына;

2) тіркеу құжаттарының деректеріне;

3) қауіпті жүктерді халықаралық жолдарда тасымалдау туралы Еуропалық келісінде (ҚЖХЖТ) белгіленген нақты қауіпті заттар мен бұйымдарды қауіпсіз тасымалдау шарттарына;

4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 11 қаңтардағы № ҚР ДСМ-5 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22066 болып тіркелген) "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына сәйкестігі;

5) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларына, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) сәйкестігі (бұдан әрі – Жол жүрісі қағидалары);

6) жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркейтін бақылау құрылғыларымен (тахографтармен) жабдықталуына;

7) Жол жүрісі қағидаларына және Қауіпті жүктерді халықаралық жолдарда тасымалдау туралы Еуропалық келісімге (ҚЖХЖТ) сәйкес тану белгілерімен жабдықталуына;

8) Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес жарамды құралмен және жабдықпен жинақталуына;

9) қажет болған жағдайларда тасымалданатын қауіпті затты бейтараптандыратын құралдармен және жүргізуші мен ілесіп жүруші қызметкердің жеке қорғану құралдарымен жасақталуына;

10) бақылаусыз төгілу, қауіпті жүк шығарынды болған жағдайда халықты хабардар етудің жергілікті жүйесімен жабдықталуына.

1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдары қозғалыс жылдамдығы, маршрутының сақталуы туралы деректерді нақты уақыт режимінде үздіксіз беру құрылғыларымен қосымша жабдықталады.

Қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік бірліктерінде осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген тік жазықтықта орналасқан қызғылт сары түсті тік бұрышты екі тақтайша болуы тиіс. Бір тақтайша алдыңғы жағына, ал екіншісі көлік бірлігінің артына бекітіледі.

Тасымалданатын қауіпті жүктерге немесе олардың қалдықтарына жатпайтын қызғылт сары түсті тақтайшалар алынып тасталуы немесе жабылуы тиіс. Егер тақтайшалар жабылған болса, онда жабын үздіксіз болуы керек және 15 минут ішінде отта болғаннан кейін тиімді болып қалуы тиіс.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 15.10.2020 № 530 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.03.2022 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2024 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

**17. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.01.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17-1. Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін көлік құралына көлік құралын дайындаушыда көзделмеген қосымша отын бактарын орнатуға рұқсат берілмейді.

Жүргізуші кабинасында отын жылыту аспаптарын (оның ішінде газ тәрізді отынмен жұмыс істейтін) қолдануға және оларды көлік құралының жүк бөлімшелерінде орналастыруға рұқсат берілмейді.

**Ескерту. Қағида 17-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 09.03.2022 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17-2. Қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралы жинақталады:

1) өлшемдері дөңгелектердің диаметріне сәйкес келетін әрбір көлік құралына (автопоездың звеносына) кемінде екі жылжуға қарсы тіректермен;

2) авариялық тоқтатудың екі белгісімен;

3) тасымалданатын қауіпті жүктерді бейтараптандыру құралдарымен;

4) көлік құралын авариялық жөндеуге арналған қол құралдарының жиынтығымен;

5) қызғылт сары түсті жыпылықтайтын немесе тұрақты оттары бар автономды қоректендірудің екі фонарымен;

6) күрекпен және өрт сөндіру үшін құм қорымен;

7) экипаждың әрбір мүшесі үшін ашық түсті киіммен;

8) экипаждың әрбір мүшесіне арналған қалта шамдарымен;

9) авариялық карточканың нұсқамаларына және тасымалдауға арналған шарттарға сәйкес-тасымалданатын қауіпті жүкті бейтараптандыру, экипаж мүшелері мен жүкке ілесіп жүретін персоналды жеке қорғау құралдарымен;

10) авариялық карточкада көрсетілген қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған арнайы құралдармен.

Ескерту. Қағида 17-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 09.03.2022 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **4-тарау. Қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілерге қойылатын талаптар**

18. Автокөлік құралымен қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізушілер мынадай талаптарға сәйкес келеді:

- 1) тиісті санаттағы жүргізуші куәлігінің болуы;
- 2) осы санаттағы көлік құралының жүргізушісі ретінде кемінде үш жыл үздіксіз жұмыс өтілінің болуы;
- 3) Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес жол парағына белгі қоя отырып, кәсіби жүргізушілер үшін жалпы медициналық куәландырудан және рейс алдында және рейстен кейін медициналық тексеруден өтуі;
- 4) Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізушіге Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы куәліктің болуы.

#### **5-тарау. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүріп өту тәртібі**

19. Тасымалдауды жүзеге асыратын жүргізуші сапар басталғанға дейін қауіпті жүкті тасымалдау жөніндегі рейс алдындағы нұсқаулықтан өтуі және өзімен бірге мынадай ілеспе құжаттары болуы қажет:

- 1) автокөлік құралына тіркеу құжаттары;
- 2) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелгенді қоспағанда, осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тасымалдау маршруты көрсетілген, "Қауіпті жүк" белгісі бар жол парағы;
- 3) жүргізушіге арналған нұсқаулық;
- 4) нысан түрінде жүргізушіге Қазақстан Республикасының аумағы бойынша қауіпті жүкті тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік;
- 5) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктер тізбесіне сәйкес 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдау маршрутының бланкісі;
- 6) көлік құжаттарын басқарудың бірыңғай жүйесінде тіркелгенді қоспағанда, тауар-көлік жүкқұжаты;
- 7) жүк жөнелтуші әзірлеген авариялық жағдайдағы іс-қимыл жоспары;

8) қозғалыс маршруты бойынша орналасқан тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, көлікті қауіпсіз пайдаланудың, жол жүрісі қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін бақылау жөніндегі, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың мекенжайлары мен телефондары.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 09.03.2022 № 127 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Жүргізуші қауіпті жүк тасымалының белгіленген маршрутын және тұрақ орындарын қатаң сақтайды.

Қауіпті жүгі бар автокөлік құралын жүргізу кезінде жүргізушіге:

- 1) автокөлік құралын орнынан кенеттен қозғауға;
- 2) кенеттен тежеуге;
- 3) қозғалтқыш пен ілінісуі ажыратылған күйде қозғалуға;
- 4) қозғалыс кезінде автокөлік құралында темекі шегуге (тоқтаған кезде автокөліктің тұрған орнынан кемінде 50 метр жерде темекі шегуге рұқсат етіледі);
- 5) отты ашық пайдалануға (ерекше жағдайларда тамақ дайындаған кезде автокөліктің тұрған орнынан кемінде 200 метр қашықтықта от жағуға рұқсат етіледі);
- 6) автокөлік құралын қадағалаусыз қалдыруға болмайды.

21. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы қозғалуы Жол жүрісі қағидаларына және осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

22. Қауіпті жүк тасымалдайтын автокөлік құралында бір тіркемеден (немесе жартылай тіркемеден) артық болмауы тиіс.

23. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде автокөлік құралдарының қозғалыс жылдамдығын шектеу Жол жүрісі қағидаларына сәйкес белгіленеді.

Қауіпті жүкті тасымалдау кезінде қозғалыс жылдамдығын белгіленген шектеу жағдайында автокөлік құралында рұқсат етілген жылдамдық көрсетілген тану белгісі орнатылуы тиіс.

24. Қауіпті жүктерді 5 және одан көп автокөлік құралдарынан тұратын колоннамен тасымалдаған кезде оның құрамында жүктің осы түрін тасымалдауға арналған резервті бос автокөлік құралының болуы міндетті. Резервтік автокөлік құралы колоннаның соңында жүруі тиіс.

25. Автокөлік құралдарының колоннасымен қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші (жүк алушы) бөлетін ілесіп жүру автомобилінің (автомобильдерінің) болуы мүмкін.

Ілесіп жүру автомобилі алынып жүретін көлік құралдарының алдында жүруі тиіс.

Ілесіп жүру автомобилі тасымалдау кезінде міндетті түрде қосылуға тиіс қызғылт сары түсті жарқылдауық маякпен жабдықталады.

26. Егер қозғалыс процесінде жол жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол жүрісін реттеу жөніндегі қосымша іс-шараларды жүргізудің қажеттілігі туындаса, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның патрульдік автомобилінің ілесіп жүруі жүзеге асырылады.

27. Ерекше қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде жүргізушілердің елді мекендерде демалуға тоқтауына рұқсат етіледі.

Тұрғын үй құрылыстары мен адамдардың көп шоғырланған жерінен кемінде 200 метр қашықтықта немесе осыған арнайы бөлінген жерлерде тұруға рұқсат етіледі.

Автокөлік құралы аялдаған немесе тоқтап тұрған кезде тоқтау тежегіші міндетті түрде қосылуы тиіс, ал еңісте қосымша сырғуға қарсы тіреуіш қойылуы керек.

Қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарының тоқтайтын және тұратын орындары қауіпті жүкті тасымалдау маршрутында көрсетіледі.

28. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдары мүмкіндігінше жалпы пайдаланымдағы автожанармай құю станцияларында қосымша жанармай құймай, бүкіл сапар жолына жетерліктей отынмен қамтамасыз етіледі.

Қажет болған жағдайда жалпы пайдаланымдағы автожанармай құю станцияларында жанармай құю автожанармай құю станциясының аумағынан кемінде 25 метр қашықтықта орналасқан алаңда станциядан темір канистрлермен немесе арнайы осы мақсаттар үшін көзделген жылжымалы май құю станцияларынан алынып жүргізіледі.

29. Жол-көлік оқиғасы туындаған жағдайда жүргізуші:

- 1) оқиға болған жерге бөгде адамдарды жібермейді;
- 2) зардап шеккен адамдарға алғашқы медициналық көмек көрсетеді және қажет болған кезде жедел медициналық жәрдем шақыртады;
- 3) болған оқиға туралы азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға, сондай-ақ басқа да мүдделі органдарға хабарлайды;
- 4) жүргізушіге арналған нұсқаулықтағы нұсқамаға және апаттық жағдайда іс-қимыл жоспарына сәйкес апаттық ахуалдың салдарын жою бойынша шаралар қабылдайды;
- 5) оқиға болған жерге келген осы Қағидалардың 28-тармағының 8) тармақшасында атап көрсетілген уәкілетті органдардың өкілдерін қауіп-қатер және қабылданған шаралар туралы хабардар етеді.

30. Қауіпті жүктерді тасымалдауға қатысушылар адамдардың денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау мақсатында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі тиісті ұйымдастыру және техникалық шаралар қабылдайды.

Қауіпті жүктерді жөнелтушілердің және (немесе) тасымалдаушылардың негізгі немесе қосымша қызметі қауіпті жүктерді тасымалдауды немесе онымен байланысты тиеу-түсіру операцияларын қамтыса, өз құрамында тасымалдау процесінің қауіпсіздігіне жауапты қызметкерлері болады.

Қауіпті жүктерді тасымалдау үшін барлық қолданыстағы маршруттардан адамдардың денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға зиян келтіруді болдырмау мақсатында тасымалдаушы қауіптілігі мейлінше төмен маршрутты таңдайды.

30-1. "Е" санатындағы тоннельдер арқылы өту тәртібі ҚЖХЖТ-тың 1.9.5.2.2-тармағының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Е санатындағы тоннельдер: 3.2-бөлімнің А кестесінің 15-бағанында тоннельдер арқылы өтуді шектеу коды "(-)" көрсетілген қауіпті жүктерден басқа барлық қауіпті жүктерді және егер олардың көлік бірлігіне шаққандағы жалпы брутто массасы 8 тоннадан асатын болса, 3.4-бөлімнің талаптарына сәйкес тасымалданатын қауіпті жүктерді тасымалдауға шектеу қойылады.

БҰҰ № 2919 және 3331-ге жатқызылған қауіпті жүктерге қатысты тоннельдер арқылы өту шектеулері, алайда, ҚЖХЖТ-тың 1.7.4.2-тармақ негізінде құзыретті орган (органдар) бекіткен арнайы шарттардың бөлігі болуы мүмкін.

Бұл ретте, тасымалдаушы балама қозғалыс маршрутын айқындайды.

**Ескерту. 5-тарау 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік министрінің 18.02.2026 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### **6-тарау. 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсат беру тәртібі**

31. "1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке немесе заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) қауіпті жүктерді тасымалдайтын көлік құралы жүргізушісін даярлау туралы куәлікті (жүргізушінің қауіпті жүктерді автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат беру туралы куәлік) қоса бере отырып "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті жолдау арқылы көрсетіледі.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 19.04.2024 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. "1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арнайы рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын "1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер көзделген осы Қағидаларға 6-қосымшада мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – негізгі талаптар тізбесі).

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.01.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

34. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" "1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдауға арнайы рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

35. Жеке басын куәландыратын, дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін, көлік құралын тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы алады.

36. Көрсетілетін қызметті берушіге өтініш келіп түскен кезде оны тіркеу және онда қамтылған мәліметтерді ұсынылған ақпараттың толықтығы, жүк тасымалдауға ұсынылатын автокөлік құралының техникалық сипаттамаларының сәйкестігі тұрғысынан тексеру жүргізіледі. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының кабинетіне көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мынадай нәтижелердің бірі жіберіледі:

- 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүкті тасымалдауға арналған арнайы рұқсат;
- 2) құжаттарды одан әрі қараудан дәлелді бас тарту;
- 3) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігі анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы.

38. Портал арқылы келіп түскен құжатты ұсынбау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қарау туралы еркін нысанда дәлелді бас тартуды көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жібереді.

39. Көрсетілетін қызметті беруші ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен және өзгерткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.01.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. 1, 6 және 7-сыныптағы қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттар бір немесе бірнеше бірдей тасымалдауға, сондай-ақ белгілі бір маршрут бойынша тасымалданатын қауіпті жүктердің партиясына 1 жыл мерзімге беріледі.

41. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **7-тарау. Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлікті беру тәртібі**

45. Көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы "Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетілетін қызметті алушыларға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш жіберу арқылы, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтудің белгіленген кезеңділігіне сәйкес келесі міндетті техникалық қарап-тексеруден өту мерзімі көрсетілген техникалық қарап-тексерудің диагностикалық картасы негізінде көрсетеді.

46. "Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамалары, нысандары, мазмұны мен нәтижесі, сондай-ақ "көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетілетілуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 8-қосымшада мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде (бұдан әрі – негізгі талаптар тізбесі).

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.01.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" "Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

48. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні тіркеуді жүзеге асырады және оны орындау үшін лауазымды адамды тағайындайды.

49. Жеке басын куәландыратын, дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін, көлік құралын тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы, механикалық көлік құралдарын және олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінен диагностикалық карта туралы мәліметтерді алады.

50. Лауазымды адам берілген өтініштің осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

51. Техникалық қарап-тексерудің диагностикалық картасы болған және ол жарамды болған жағдайда, міндетті техникалық қарап-тексеруден өтудің белгіленген кезеңділігіне сәйкес, көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының сәйкестігін осы Қағидалардың талаптарына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті мәліметтерді тексереді және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлікті немесе көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберілетін Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді.

**Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Көлік министрінің 19.04.2024 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

52. Көрсетілетін қызметті алушының "Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға өтініш беруі міндетті техникалық қарап-тексерудің бірыңғай ақпараттық жүйесінде диагностикалық карта болған кезде жүзеге асырылады.

53. Көлік құралын халықаралық қатынаста қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация).

**Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.01.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

54. Портал арқылы келіп түскен ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі немесе міндетті техникалық қарап-тексеруден өту кезеңділігінің жарамсыздығы анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші екі жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қарау туралы еркін нысандағы дәлелді бас тартуды көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жібереді.

**Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 19.04.2024 № 144 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

55. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде оны көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

Көлік саласындағы уәкілетті орган мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен және өзгерткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

**Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 31.01.2023 № 64 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

56. Жіберу туралы куәлік техникалық қарап-тексерудің диагностикалық картасының қолданылу мерзіміне беріледі.

57. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) лауазымды адамға беріледі.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті беруші, лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Алып тасталды - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 21.06.2022 № 354 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Автомобиль көлігімен  
қауіпті жүктерді тасымалдау  
қағидаларына  
1-қосымша  
нысан

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Көлік министрінің 19.04.2024 № 144 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТІРЛІГІ	MINISTRY OF TRANSPORT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN ROAD
--	--	--


КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНОГО ТРАНСПОРТА И ТРАНСПОРТНОГО КОНТРОЛЯ	АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ ЖӘНЕ КӨЛІКТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ	TRANSPORT AND TRANSPORT CONTROL COMMITTEE
СПЕЦИАЛЬНОЕ РАЗРЕШЕНИЕ НА ПЕРЕВОЗКУ ОПАСНОГО ГРУЗА КЛАССОВ 1, 6 И 7		SPECIAL PERMIT ON IMPLEMENTATION OF AUTOMOBILE TRANSPORTATION OF HAZARDOUS GOODS OF CLASSES 1, 6 AND 7
	1, 6 ЖӘНЕ 7-СЫНЫПТЫ ҚАУІПТІ ЖҮКТЕРДІ ТАСЫМАЛДАУҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ РҰҚСАТ	

№ \_\_\_\_\_

Тасымалдаушының атауы Наименование перевозчика Carrier name	
Тасымалдаушының орналасқан жері және телефоны Местонахождение и телефон перевозчика Site and phone number of carrier	
Тасымалданатын қауіпті жүктің классы, БҰҰ нөмірі, атауы және сипаттамасы Класс, номер ООН, наименование и описание перевозимого опасного груза Class, number of UN, the name and description of transported hazardous goods	
Көлік құралының түрі, маркасы Тип, марка транспортного средства Type, vehicle brand	
Автомобильдің мемлекеттік тіркеу белгісі Государственный регистрационный знак автомобиля State registration number of the car	
Тіркеменің (жартылай тіркеменің) мемлекеттік тіркеу белгісі Государственный регистрационный знак прицепа ( полуприцепа) State registration number of the trailer (semi-trailer)	

<p>Арнайы рұқсаттың қолданылу мерзімі</p> <p>Срок действия специального разрешения</p> <p>Expiration date of special permit</p>	<p>_____ бастап _____ дейін</p> <p>с _____ по _____</p> <p>from _____ till _____</p>	<p>_____ тасымалға жарамды</p> <p>действителен на _____ поездку</p> <p>valid on _____ trip</p>
<p>Тасымалдау маршруты</p> <p>Маршрут перевозки</p> <p>Transportation route</p>		
<p>Жүк жөнелтушінің мекенжайы және телефоны</p> <p>Адрес и телефон грузоотправителя</p> <p>Address and phone of the consignor</p>		
<p>Жүк алушының мекенжайы және телефоны</p> <p>Адрес и телефон грузополучателя</p> <p>Address and phone of the consignee</p>		
<p>Тасымалдау маршрутының аралық пункттерінің мекенжайы және авариялық қызметтің телефондары</p> <p>Адрес промежуточных пунктов маршрута перевозки и телефоны аварийной службы</p> <p>Address of intermediate points of a route of transportation and phones of emergency service</p>		
<p>Тұрақтар және отын құю орны</p> <p>Место стоянок и заправок топливом</p> <p>Place of parking and fuelling</p>		
<p>Арнайы рұқсатты қолданудың ерекше шарттары</p> <p>Особые условия действия специального разрешения</p> <p>Special conditions of action of Special permit</p>		
<p>Қадағалау бақылау органдарының лауазымды адамдарының белгілері</p> <p>Отметки должностных лиц надзорных контрольных органов</p> <p>Marks of officials of supervising control authorities</p>		
<p>Шектеулер</p> <p>Ограничения</p> <p>Restrictions</p>		
<p>Уәкілетті органның лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты ( ол болған жағдайда) және берілген күні</p>		

Фамилия, имя, отчество (при его наличии) должностного лица уполномоченного органа и дата выдачи  
 First name, middle initial, last name of the official of authorized body stamp and date of issue



Автомобиль көлігімен  
 қауіпті жүктерді  
 тасымалдау қағидаларына  
 2-қосымша  
 нысан

### Жүргізушіге арналған нұсқаулық

Жүргізушіге арналған нұсқаулық нақты маршрутта осы қауіпті жүкті тасымалдауды жүзеге асыру кезінде автокөлік құралының жүргізушісіне басшылық етуші нұсқаманы қамтуы тиіс.

Бұл ретте нұсқаулыққа мынадай ақпарат енгізіледі:

1. Нұсқаулық берілетін жүргізушінің деректері, қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша дайындығы туралы куәліктің №.
2. Автокөлік құралының, автокөлік ұйымының деректері, олардың деректемелері.
3. Жүкті жіберуші, қауіпті жүкпен шығу күні мен уақыты.
4. Жүкті алушы, қауіпті жүкті жеткізудің бағдарланған күні мен уақыты.
5. Қозғалыс маршруты.
6. Автокөлік ұйымының гаражына қайтып оралудың бағдарланған уақыты.

Жүктің атауы	Қауіпті жүктің сыныбы	Қауіптілік №	БҰҰ тізімі бойынша №
Синонимдер			
Физикалық қасиеттері		Қауіптілік белгілері	
Қ а й н а у температурасы, 0 С			
Б а л қ у температурасы, 0 С			

Ұшқыштық (бу қысымы)				
Бу тығыздығы (ауа бойынша)				
Тығыздық (су бойынша)				
Суда ерігіштік				
Өрт және жарылыс қаупі				
Тұтану температурасы, оС	Өздігінен тұтану температурасы, оС	Бұдың тұтану аймағы	Тұтану шегі, оС	
			Төменгі	Жоғарғы
Адам үшін қауіптілігі				
ПДК мг/м <sup>3</sup>	ЛД 50. мг/кг (ішке түскен кезде)	ЛД 50. мг/м <sup>3</sup> (тері арқылы)	ЛК 50. мл/м <sup>3</sup>	
Ағзаға түсу жолдары				
Уыттылық әсері				
Теріге және шырышты қабықшаға әсері				
Қауіптің өзге түрлері				
Экологиялық қауіпсіздік				
